

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Откізілу күні: 16.02.2022 ж

Уақыты: 15.00.

Қатысқандар саны – 11 адам (тізім бойынша)

Шақырылғандар:

- 1.Мукашева Г.О- гимназия директоры
- 2.АбдуллинағЗ.- кәсіподақ төраймы
- 3.Жасаганбергенова Б.И- тәрбие орынбасары

Кеңес төрағасы: Г.Ж.Бажаканова

Хатшы: А.А.Алиева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогтардың адалдығы мен адамдардың абыроны мен қадір-қасиетін құрметтеуі, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болуы.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Г. Ж.Бажаканова- кеңес төрағасы.

Гулшара Жаркетқызы педагогикалық әдептің негізгі қағидаттараты туралы айта келіп педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелуе нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінін), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіретіндігін атап айтты. Ұстаз қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Педагог өзінің кәсіби қызметінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінін), басқа да қарым-ұатынастағы адамдардың абыроны мен қадір-қасиетін құрметтей білуі, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болуы міндетті. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылыкты қамтамасыз етеді. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермеуі қажеттігін баса айтты.

2. С.Е.Саймова- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз

Мұғалімнің адалдығы ол кәсіби жұмысында балаларға, ата-аналарға көрініп, байқалып тұрады. Мұғалім көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Әр мәселені көтерген кезде де , өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын окушының, ата-ананың, адамдардың абыроны мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет. Өзімен сөйлескен кезде, адамдармен қарым қатынас жасаған кезде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1.Мукашева Г.О- гимназия директоры

Гимназияның педагогтарымен педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөнінде күнделікті жұмыстар қайталана жасалатынын, жас мамандарға пікірлесу арқылы ақыл-кеңестер беріп, әдептілікке үйретіп отыратыны туралы айтты.

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір адамның мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен карауы тиіс. Педагог адамдардың қарым-қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, үлттына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді.

Педагогтің толеранттылығы білім алушылар мен тәрбиленушілерге, олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) төзімділікті, олардың әлеуметтік жағдайына қарамастан қызметтік төзімділікті, сондай-ак жұмыста білім алушылар мен тәрбиленушілердің жетілмегенін түсіне және ескере білуді көздейді.

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етуі керектігін баса айтты.

2. Абдулина – гимназияның кәсіподақ төрайымы

Педагогикалық әдептің бір бағыты ол жан жағына адалдықпен қарау. Осы қасиетімен окушылар жүргегіне жол таба алуы керек екенін есте сақтауы керек деп ойлаймын. Егер мұғалім өзі қоқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, сөйлеу мәдениеті әдеп нормаларын сақтап отыrsa, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, сонда ғана олар ұстаздық атқа лайық болады деп ойлаймын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуі, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болу нормаларын сақтауы назарға алынын.
2. Ұстаздар арасында педагогикалық адалдықты сақтау туралы іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілсін.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:

Г.Ж.Бажаканова
А.А.Алиева